

Ибраева А.С.,  
Тұрат Н.А., Отыншиева А.А.

**Ұлыбритания заңнамасы  
бойынша азаматтық  
институтының мәселелері**

Бұл мақалада азаматтық ұғымы мен концепциясы Ұлыбританияның заңнамасына сәйкес талқыланып, қарастырылады. Кез келген құқықтық жүйеде азаматтық институтының алатын орны орасан зор. Ұлыбритания азаматтық институтына тән сипатты белгілер ашып көрсетіледі. Британ азаматтығын алу талаптарына, артықшылықтар мен салдарларына ерекше назар аударылады. Жаңа азаматтықты қабылдас бұрын, барлық тұсын ескере отырып, қарастыру керек деген қорытынды жасалынды.

**Түйін сөздер:** ұлт, азаматтық, бір елдің құзырында болу, көші-қон, британ азаматтығы, натурализация, мигранттар, тиесілілік, рәсім, мәртебе.

---

lbrayeva A.S.,  
Turat N.A., Oтынshiyeva A.A.

**Issues of UK citizenship by  
British law**

The significance of citizenship in any legal system is of paramount and copious importance. This article discusses notion, the concept of citizenship and issues of citizenship around the UK legislation. Features of citizenship in the UK are appropriately disclosed. Particular attention is paid to the demands of taking British citizenship, to the privileges and consequences. The conclusion was that it is worth considering before getting new citizenship or acquiring foreign nationality.

**Key words:** nationality, citizenship, allegiance, migration, British citizenship, naturalization, immigrants, belonging, ceremony, status.

---

Ибраева А.С.,  
Тұрат Н.А., Отыншиева А.А.

**Вопросы гражданства по законодательству Великобритании**

В данной статье рассматриваются понятие, концепция гражданства и вопросы гражданства по законодательству Великобритании. Отмечается значимость института гражданства для любой правовой системы. Раскрываются признаки института гражданства (подданство) в Великобритании. Особое внимание уделяется требованиям принятия британского гражданства, раскрываются привилегии и последствия принятия подданства. Обоснован вывод о том, что принятие нового гражданства влечет приоретение как новых прав, так и новых обязанностей.

**Ключевые слова:** национальность, гражданство, подданство, миграция, британское гражданство, натурализация, иммигранты, принадлежность, церемония, статус.

**ҰЛЫБРИТАНИЯ  
ЗАҢНАМАСЫ  
БОЙЫНША  
АЗАМАТТЫҚ  
ИНСТИТУТЫНЫҢ  
МӘСЕЛелЕРІ**

Тұлғаның құқықтық мәртебесі – тұлғаның мемлекет пен қоғамда заңды бекітілген мәртебесі. Тұлғаның құқықтық мәртебесі қоғамдық мәртебенің бір бөлшегі болып табылады. Заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесіне қарағанда, жеке тұлғаның құқықтық мәртебесі адам мен азаматтар үшін анықталып, айқындалады. Тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізін оның құқықтары, бостандықтары, мүдделері және міндеттемелері құрайды.

Тұлғаның құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген және ол адам құқықтарының жаңа тұжырымдамасына негізделеді. Сондай-ақ, ол адамның құқықтары мен бостандықтары бекітілген жалпы құқықтық стандарттарды белгілейтін халықаралық құқықтық құжаттарда негізделіп, көрсетілген [1].

Жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің не жағдайының басты элементтерінің бірі, ол – азаматтық. Азаматтық дегеніміз азаматтық, конституциялық-құқықтық теңдіктің бірден-бір алғышарты болып табылады. Ол тұлғаның белгілі бір елмен конституциялық-құқықтық, көп жағдайда орнықты байланысын білдіреді. Барлық азаматтар тең негіздегі әлеуметтік ынтымақтастықтың шарттарын айқындай алатын саяси қауымдастықтың мүшелігін құрайды. Демократиялық азаматтық игілігінің өзін қоса алғанда, азаматтық институты тең міндеттердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуді және соған оңтайлы ықпал етуді қамтиды. [2].

Көптеген адамдар ұлт пен азаматтықтың ара-жігін дұрыс түсіне бермейді. Ұлт пен азаматтықтың айырмашылығы мынада: ұлт халықаралық құқық концепциясына жатса, азаматтық институты көбінесе отандық құқыққа тән [3]. Азамат болу дегеніміз ол белгілі бір саяси қоғамдастыққа не қауымдастыққа тиісті болумен пара-пар ұғым. Азаматтық таным ағзасы болып табылмайды. Ол өзінде азаматтық қатысу мен ішкі бейімділікті қамтиды: яғни, бұл белсенділік пен сезімнің үйлестірілуі екеніне көз жеткізуге болады. [4].

Қазіргі таңда азаматтық концепциясын зерттеп, қарастырған біраз ғалымдардың «азаматтық ол құқыққа ие болу құқығы» деген пайымдаулары өзекті емес болып табылады. Тіпті, бұл ой-тұжырымға қарсы келетіндері де кездеседі. Белгілі ағылшын

ғалымының ойы бойынша, керісінше мемлекет біріккен топтасқан азаматтарынан пайданы көздейді, мысалы азаматтардың шын берілгендігін, адалдығын, бірігулерін, кез келген билікке нұқсан келтірмейтін қауіпсіздікті қажет етеді [5].

Ағылшын ғалымы Хэлд [6] айтқандай, түгелдей алғанда, азаматтық бұл барлық өмір сүретін адамдарды қауымдастыққа тарту болып табылады. Ол көші-қон және натурализация контекстінде тиесілілікпен, сәйкестілікпен байланысты маңызды сұрақтарды көтереді. Азаматтықты көбінесе үш басты құндылықтармен байланыстырады: олар тиесілілік, құқықтар және қатысуды құрайды. Біріншіден, азаматтық тиесілілікті ұлттық қоғамдастыққа араластырды. Ұлттық тиесілілік ортақ азаматтық сана мен өз отандастарына, мемлекетке деген адалдықты қалыптастырды. Екіншіден, тиесілі мәртебенің болмауы заң алдында тең дәрежеде қарастырылумен қоса алғанда, олардың адамзат арқасында белгілі бір құқықтары бар тең ретінде қарастырылуына әкеп соқты. Бұл ретте, азаматтар нормативтік функция бөлігі ретінде әлеуметтік және экономикалық құқықтарын қамтамасыз етумен қоса, өздері шешімдер қабылдап, ұйымдық құрылымдар шеңберінде тең қол жеткізуді қамтамасыз ету сияқты саяси құқықтарды мемлекеттен талап етті. Ақыр аяғында, азаматтық мемлекеттік құрылыс пен саясат ішінде толық және тең құқылы мүше ретінде қатысу үшін қуат, құқық және міндеттемені қамтыды [7].

Қай елдің азаматтығын алып, қабылдаса, сол елдің өзіндік талаптары мен ерекшеліктері болады. Менің қарастырайын дегенім, британ азаматтығын алу мәселесі, оның артықшылықтары мен кемшіліктері. Осындай дамыған алпауыт елдің азаматтығын қабылдау қаншалықты қиынға соғады? Бұл қазіргі таңдағы құқықтық жүйедегі ең өзекті мәселелердің бірі. Себебі, қазіргі жаһандану жағдайында, бүкіл әлемде көші-қон процесі өз айналымын алуда. Сондықтан, азаматтық алу, қабылдау, қос азаматтық сынды мәселелер әрбір құқықтық жүйеде өзектілігімен көзге түсуде. Жалпы, британ азаматтығын қабылдаудың қыр-сырын, басымдықтары мен проблемалық жақтарын ашуға тырысамын.

Ұлыбритания империялық тарихы бар, көп-ұлтты, көптілді және көпконфессиялы қоғам болып табылады. Ол өзінде Англияны, Шотландияны, Уэльсты және Солтүстік Ирландияны қамтиды. Сондықтан да, азаматтық мәселесі бұл елде зор маңызға ие. Өткен, сондай-ақ

қазіргі заманғы өмірі мен жаһандану күрделілігінен туындайтын ұлттық тиесіліліктің шешілмеген мәселелері біршама. Ұлыбританияда, британдықтар мен басқа да ұлттар (әсіресе, шотландықтар) арасындағы шиеленіс, Еуропалық Одақпен байланысты дамулар мен Еуропалық азаматтықты қабылдау, иммигранттардың сіңісуі (әсіресе аз бөлігі мұсылмандар), халықтың әл-ауқатының төмендеуі және азаматтардың әлеуметтік құқықтарының күйзелісі [8] – бұның бәрі британ ұлты мен азаматтығына байланысты қызу пікір-таласқа ықпал еткен жағдайлар.

Британ (ағылшын) азаматтығы туралы заңға 1981 жылы өзгерістер мен толықтырулар енгізілді, және ол заң ағылшындардың қазіргі қолданыстағы заңына айналды. Ол тоғыз тарау, елу екі бөлімнен тұрады. Осы заңға сәйкес, британдық азаматтық келесідей негіздер бойынша беріледі:

1. Топырақ құқығы бойынша *jus soli*: Ұлыбритания азаматы немесе резиденті болып табылатын ата-анадан Ұлыбритания аумағында туу;

2. Қан құқығы бойынша *jus sanguinis*: шығу тегі бойынша ата-ананың бірі Ұлыбритания азаматы болса, (мысалы, тууы бойынша, бала асырап алу бойынша, тіркелу немесе натурализация бойынша);

3. Натурализация бойынша, адамның өз ерік-жігерімен азаматтық алуға деген қалауынан пайда болатын заңды құқықтық процесс;

4. Тіркелу бойынша;

5. Бала асырап алу арқылы.[9].

Статистикаға сүйенсек, 2010 жылдың қаңтар айынан 2014 жылдың маусым айына дейін 899 045 өтініш; 2005 жылдың қаңтар айынан 2014 жылдың маусым айына дейін 1 781 201 өтініш; 2000 жылдың қаңтар айынан 2014 жылдың маусым айына дейін 2 177 440 өтініштер келіп түсті. Көбінесе өтініштер Үндістан, Пәкістан, Нигерия, Филиппин, Оңтүстік Африка мен Қытай мемлекеттерінің үміткерлерінен келеді. Осы ел ұлттары ішінде британ азаматтығын қабылдау үлкен сұранысқа ие. Өтініш білдірген азаматтар саны жылдан жылға артуда. Өтініш білдірушілерге кей жағдайда өтінішті қарауға бас тартқандығы жайлы хабарлау хаты келеді. Бас тартқанның негізгі себептері болып талаптарға сай келмеуі және территорияда болмаған кездегі рұқсат етілген күндердің асып кетуі саналады. Сонымен қатар, азаматтықты қабылдайтын Бас Офистің (Home Office) сұрауларына уақтылы жауап бермеу және ағылшын тілі мен Ұлыбрита-

ния өмірі жайлы жетік білмеу сияқты себептер де азаматтық алуға кері әсерін береді [10].

Ұлыбритания адамдарының көпшілігі үшін азаматтық ұғымы көбінесе бір елдің құзырындағы, бір мемлекетке тиесілілікпен байланысты термин болып қабылданады. Бұл адамдар үшін азаматтар ретінде сәйкестендірілуінің қандай дәрежеде екенін зерттеуге кедергі болып табылады. Британдық азаматтығын алуды көздеген кез келген азамат азаматтық тестін тапсыруы керек. Ұлыбритания азаматтыққа қабылдау тесті бар, ашық азаматтық саясат режимін ұстанатын еуропа елдеріндегі жалғыз ел болып табылады [11]. Қалған елдерді қарасақ, мысалы, Австрия, Дания, Эстония, Германия, Латвия, Литва сияқты елдер азаматтық саясаты режимдерін шектейтіндердің қатарынан табылды. Алайда, керісінше, ашық азаматтық саясат режиміндегі елдердің азаматтықты қабылдау тестіне деген қолжетімділік қиындау екен, яғни сол тесттің нұсқалары, үлгілері халық арасында таратылмайды екен. Азаматтық мағынасы жағынан даулы сипатта болғандықтан, сұхбат алынғандардың өзін көрсете білуі көп жағдайда қиындық туғызады [12]. Азаматтықты алуға арналған сынақты (тест) қоғамның үлкен ауыз-біршілігі үшін күреске қарағанда шайқаста таза көші-қонды азайтуға арналған қару ретінде қолдану қаупі бар. Қалтасы тоқ адамдар мен білімді адамдар өздеріне £ 50 (фунт стерлинг) құнды осы тестті өтуге мүмкіндік бере алады [13].

Британ азаматтығын алу кезінде көптеген қиындықтарға қарамастан, атап айтқанда, өмір сүріп, тесттен өтіп және қиын да жазалаушы кіру жүйесін бағындыра алғандар элита болып табылады. Осы елде дүниеге келмей, жаңа азаматтық алып, қосылып, саяси қатысуларға қатысқан адамдардың азаматтығы көптеген бағыттарға ашық болып табылатын тиесілілік пен ұлттық сана туралы жаңашыл ойлауды талап етеді. Бұл потенциалды түрде мемлекеттілік пен азаматтықтың сипатты белгілерімен байланысты азаматтық туралы ой-пікірлердің қалыптасуына кедергі жасайды [14].

Азаматтық институты Ұлыбританияда заңнамадағы өзгерістер және мемлекеттік саясатқа байланысты соңғы 30 жылда кеңінен талқылана бастады. Осы пікірталастың нәтижесінің бірі Ұлыбританияға келген жаңа азаматтарға, британ азаматтығын қабылдағандарға арналып, әзірленген ресми азаматтық алу рәсімін өткізу 2004 жылдан бастап қана енгізілді. Ағылшын азаматтығына қабылдану жетістігіне жету мереке ретінде тойланатындай ойластырылған болатын

[15]. Иммиграция және ұлттық мемлекеттік тиесілілік айналасында, көші-қон жолындағы соңғы қадам болып азаматтық алу рәсімі саналады [16].

Британ азаматтығын алудың өз артықшылықтарымен қоса өз кемшіліктері де бар. Ең алдымен артықшылықтарын тізетін болсақ, британ паспортына ие бола отырып, кез келген адам сол елде өмір сүруге және жұмыс істеуге, әлеуметтік және салықтық жеңілдіктерге, Ұлыбританиядағы сайлау процесіне қатысуға құқылы. Сондай-ақ, Еуропалық Одаққа кіретін барлық елдерде еш шектеусіз өмір сүріп, жұмыс істеуге құқылы және де әлемнің көптеген елдеріне, оның ішінде дамыған алпауыт АҚШ, Жаңа Зеландия, Канада, Австралия сынды елдерге визасыз бара алады [17]. Азаматтықтың өркениетті адамдарға өзінің артықшылықтары болады; ал керісінше өркениеті жоқ адамдар толық және жан-жақты қамқоршылыққа ұшырайды [18].

Белгілі ағылшын ғалымы айтқандай, азаматтықтың өзінің артықшылықтары болуы мүмкін, бірақ толық мүшелік, «нағыз британ азаматы болу» одан да көпті талап етеді. Бұл процесс – өзіне кейінгі мойындауды қамтумен қатар, дұрыс мінез-құлық пен оң ниетті басқалардың пайымдауларына негізделген. Британ азаматтығын алу үшін алдымен сол азаматтыққа лайық екенінді британ аудиториясына сендіре білуің [19] керек. Ал, бұл жеңіл алына салатын процесс емес екендігіне әбден көз жеткізуге болады.

Британдық азаматтықты одан әрі тереңірек етіп ешкім әлі көрсете алмай жүр. Жай ғана «құқықтар мен міндеттер» тіркесінің астарында күнделікті өмірде білдіруі мүмкін өзіндік тереңдігі мен текстурасы бар екендігін де ескеру керек. Британ азаматтығын қабылдау барысында барлық сөздер жылы және нық сеніммен айтылғандығымен, тіркеушілер аталмыш рәсімді бүкіл ынта-жігерін сала отырып, жақсы өткізуге тырысады, дәл сол сәтте көші-қон мен жаңа азаматтық қабылдаудың нені білдіретіндігі, неге жетелейтіндігі және азаматтық алудың салдарларын қайта қараудың мүмкіндігі өтіп кеткендігін [20] түсінгендей боласың.

Туғаннан бастап берілетін азаматтық күннен күнге азаюда және бұл саяси дауыс сияқты тапшы ресурсқа қолжетімділікті шектеп, өз септігін тигізіп жатыр. Шейла Бэнхабибтың пайымдауынша [21], егер мемлекет туғанынан берілетін азаматтық түрін сақтағысы келсе, онда мемлекет моральды міндеттемелерді ғана емес, сонымен қатар заңды міндеттемелерді де қабылдаулары тиіс, мысалы салық жинау тәрізді туғаннан берілетін артықшылықтар.

Ұлыбританиядағы мемлекеттік билік жүйесі белсенді азаматтыққа қабылданушылардың санын туғызып емес, керісінше көші-қонды, халық санын реттеудегі билік тетіктерін қайта құрып, қаладағы тәртіп пен қадағалауды технологиялар көмегімен қолға алуды қарастырып отыр. Қазіргі кезде, Ұлыбританиядағы үздіксіз қаладағы ығы-жығылық жағдайлары проблемалық ерекшеліктерімен сипатталады. Мұндай саяси бастамалардың пайда болуы белсенді азаматтық қабылдауға шақыруда сәтсіздікке ұшыратады [22] және бірлікті нығайтып, дамытудан гөрі алуан түрліліктің артуына әкеп соғуы әбден мүмкін.

Би мен Пачи атты теоретик ғалымдардың еңбектерінде аталғандай, Тэтчер мен негізгі үкімет ұстанған неолибералды саясат, яғни белсенді түрде азаматтық институтын ілгерілетуге арналған принциптер мен құндылықтарды арттырудан гөрі қоғамдастық деңгейінде әлеуметтік бөліністерді дамыту, жақсартуға негізделген іс-әрекеттері ортақ түрде қатты сынға ұшырады [23]. Себебі, ол азаматтықтың оңтайлы түрде дамуына еш ықпалын тигізбейтіндігінің дәлелі еді.

Қорыта келгенде, азаматтық әрқашан көшірудің немесе былайша айтқанда, мобилизация-

ның көлік құралы болды – себебі ол он тоғызыншы және жиырмамыншы ғасырдағы Батыс Еуропадағы демократияландыру және мемлекеттік-құрылыс процесімен тұспа-тұс келді. Ол әрқашан элиталар үшін бақылау құралы және капитал болды, сонымен қатар ол қуат алатын және адамдар үшін қолданыстағы билік тетіктері мен нәтижелерін мұқият зерттеу құралы болып табылды [24].

Азаматтықты, ең алдымен әлеуметтік қадір-қасиетпен жеке тұлғаның мүшелік ету өлшеуіші ретінде қарастыруға болады. Азаматтық – ол бағалайтын, ұмтылатын, құрметтейтін, аялауға және нығайтуға тиісті бір құқықтық жүйе элементі. Ғалым Бошняк азаматтықты демократиялық және тең құқықты ниеттерге жоғары дәрежеде жетудегі ең қажетті элемент ретінде бейнелейді. [25]. Азаматтық шекаралары контекстуалды түрде жүзеге асырылуда және проблемалық болып келеді, себебі мүшелікке қол жеткізу «белгілі бір орындарда нақты күрес пен қақтығыстарға жауап ретінде» пайда болады [26]. Азаматтықты қабылдаудан бұрын, оның жемісін беретін басым құқықтары мен кемшін тұстарына да назар аударып, ескеруді ұмытпау қажет.

### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы Конституциясы, 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы: Баспа, 2014.
- 2 Жарболова А.Ж. «ҚР Конституциялық құқығы» пәнінен семинар сабақтарына қосымша дайындық материалдары: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 64 б.
- 3 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction.* – OUP, 2008. – P. 19.
- 4 Bryan S. Turner, *Citizenship Studies: A General Theory* // *Citizenship Studies.* – 1997. – 1 (1). – P. 5.
- 5 Mikko Kuisma, *Rights or privileges? The challenge of globalization to the values of citizenship* // *Citizenship Studies.* – 2008. – 12 (6). – P. 625
- 6 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction.* – OUP, 2008. – P. 17.
- 7 Richard Bellamy, *Evaluating Union citizenship: belonging, rights and participation within the EU* // *Citizenship Studies.* – 2008. – 12, (6). – P. 599.
- 8 RabiaKarakayaPolat& Lawrence Pratchett, *Citizenship in the age of the Internet: a comparative analysis of Britain and Turkey* // *Citizenship Studies.* – 2014. – 18 (1). – P. 68.
- 9 British Nationality Act 1981. [Электронды ресурсы]. – Қолжетімділік тәртібі: [http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1981/61/pdfs/ukpga\\_19810061\\_en.pdf](http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1981/61/pdfs/ukpga_19810061_en.pdf)
- 10 Британ азаматтығын қабылдау: Статистика. [Электронды ресурсы]. – Қолжетімділік тәртібі: [http://www.lawfirmuk.net/archive\\_news.html?id=390](http://www.lawfirmuk.net/archive_news.html?id=390)
- 11 Noel Smith, Ruth Lister, Sue Middleton & Lynne Cox, *Young People as Real Citizens: Towards an Inclusionary Understanding of Citizenship* // *Journal of Youth Studies.* – 2005. – 8 (4). – P. 430.
- 12 Ines Michalowski, *Required to assimilate? The content of citizenship tests in five countries* // *Citizenship Studies.* – 2011. – 15 (6–7). – P. 749.
- 13 Ines Michalowski, *Required to assimilate? The content of citizenship tests in five countries* // *Citizenship Studies.* – 2011. – 15 (6–7). – P. 743.
- 14 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies.* – 2012. – 16. – P. 541.
- 15 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies.* – 2012. – 16. – P. 531.
- 16 Ulrich K. Preuss, *Migration – A Challenge to Modern Citizenship* // *Constellations.* – 1998. – 4 (3). – P. 308.

- 17 Britan azamattyғы мен британ паспорты. [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік тәртібі: <http://www.legalcentre.org/Grazhdanstvo-Citizenship.html>
- 18 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction*. – OUP, 2008. – P.19.
- 19 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies*. – 2012. – 16. – P. 540.
- 20 Imogen Tyler, *Designed to fail: A biopolitics of British citizenship* // *Citizenship Studies*. – 2010. – 14 (1). – P. 71.
- 21 Seyla Benhabib, *Birthright Citizenship, Immigration, and Global Poverty* // *University of Toronto Law Journal*. – 2013. – 63 (3). – P. 500.
- 22 John Flint, *Return of the Governors: Citizenship and the New Governance of Neighbourhood Disorder in the UK* // *Citizenship Studies*. – 2002. – 6 (3). – P. 256.
- 23 Cristiano Bee, Dimitra Pachi, *Active Citizenship in the UK: Assessing Institutional Political Strategies and Mechanisms of Civic Engagement* // *Journal of Civil Society*. – 2014. – 10 (1). – P. 106.
- 24 Mikko Kuisma, *Rights or privileges? The challenge of globalization to the values of citizenship* // *Citizenship Studies*. – 2008. – 12 (6). – P. 624-625.
- 25 Thomas Simon, *Citizenship as a weapon* // *Citizenship Studies*. – 2013. – 17 (3-4). – P. 505.
- 26 Eleonore Kofman, *Citizenship, Migration and the Reassertion of National Identity* // *Citizenship Studies*. – 2005. – 9 (5). – P. 463.

### References

- 1 Kazakstan Respublikasy Konstitucijasy, 30 тамыз 1995 жыл. – Алматы: Baspa, 2014.
- 2 Zharbolova A.Zh. «KR Konstitucijalyk kықығу» рәнінен seminar sabaktaryna kosymsha dajyndyk materialdary: Oku kыraly. – Kazak universiteti, 2015. – 64 b.
- 3 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction*. – OUP, 2008. – p. 19.
- 4 Bryan S. Turner, *Citizenship Studies: A General Theory* // *Citizenship Studies*. – 1997. – 1 (1). – p. 5.
- 5 Mikko Kuisma, *Rights or privileges? The challenge of globalization to the values of citizenship* // *Citizenship Studies*. – 2008. – 12 (6). – p. 625
- 6 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction*. – OUP, 2008. – p. 17.
- 7 Richard Bellamy, *Evaluating Union citizenship: belonging, rights and participation within the EU* // *Citizenship Studies*. – 2008. – 12, (6). – p. 599.
- 8 Rabia Karakaya Polat & Lawrence Pratchett, *Citizenship in the age of the Internet: a comparative analysis of Britain and Turkey* // *Citizenship Studies*. – 2014. – 18 (1). – p. 68.
- 9 British Nationality Act 1981. [Jelektronды resurs]. – Kolzhetimdilik tәrtibi: [http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1981/61/pdfs/ukpga\\_19810061\\_en.pdf](http://www.legislation.gov.uk/ukpga/1981/61/pdfs/ukpga_19810061_en.pdf)
- 10 Britan azamattyғыn kabyldau: Statistika. [Jelektronды resurs]. – Kolzhetimdilik tәrtibi: [http://www.lawfirmuk.net/archive\\_news.html?id=390](http://www.lawfirmuk.net/archive_news.html?id=390)
- 11 Noel Smith, Ruth Lister, Sue Middleton & Lynne Cox, *Young People as Real Citizens: Towards an Inclusionary Understanding of Citizenship* // *Journal of Youth Studies*. – 2005. – 8 (4). – p. 430.
- 12 Ines Michalowski, *Required to assimilate? The content of citizenship tests in five countries* // *Citizenship Studies*. – 2011. – 15 (6-7). – p. 749.
- 13 Ines Michalowski, *Required to assimilate? The content of citizenship tests in five countries* // *Citizenship Studies*. – 2011. – 15 (6-7). – p. 743.
- 14 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies*. – 2012. – 16. – p. 541.
- 15 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies*. – 2012. – 16. – p. 531.
- 16 Ulrich K. Preuss, *Migration – A Challenge to Modern Citizenship* // *Constellations*. – 1998. – 4 (3). – p. 308.
- 17 Britan azamattyғыmen britanp asporty. [Jelektronды resurs]. – Kolzhetimdilik tәrtibi: <http://www.legalcentre.org/Grazhdanstvo-Citizenship.html>
- 18 Richard Bellamy, *Citizenship. A very short introduction*. – OUP, 2008. – p.19.
- 19 Bridget Byrne, *A local welcome? Narrations of citizenship and nation in UK citizenship ceremonies* // *Citizenship Studies*. – 2012. – 16. – p. 540.
- 20 Imogen Tyler, *Designed to fail: A biopolitics of British citizenship* // *Citizenship Studies*. – 2010. – 14 (1). – p. 71.
- 21 Seyla Benhabib, *Birthright Citizenship, Immigration, and Global Poverty* // *University of Toronto Law Journal*. – 2013. – 63 (3). – p. 500.
- 22 John Flint, *Return of the Governors: Citizenship and the New Governance of Neighbourhood Disorder in the UK* // *Citizenship Studies*. – 2002. – 6 (3). – p. 256.
- 23 Cristiano Bee, Dimitra Pachi, *Active Citizenship in the UK: Assessing Institutional Political Strategies and Mechanisms of Civic Engagement* // *Journal of Civil Society*. – 2014. – 10 (1). – p. 106.
- 24 Mikko Kuisma, *Rights or privileges? The challenge of globalization to the values of citizenship* // *Citizenship Studies*. – 2008. – 12 (6). – p. 624-625.
- 25 Thomas Simon, *Citizenship as a weapon* // *Citizenship Studies*. – 2013. – 17 (3-4). – p. 505.
- 26 Eleonore Kofman, *Citizenship, Migration and the Reassertion of National Identity* // *Citizenship Studies*. – 2005. – 9 (5). – p. 463.